


Табиғаттағы су айналымы





Су – жер бетіндегі таңғажайып жаратылыс. Сусыз өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Су - тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді.

Су табиғаттағы ең көп тараған зат. Жер бетінің үштен екі бөлігін су қабаты алып жатыр. Қалған үштен бір бөлігі ғана құрлық.

Тірі және өлі табиғатта жүретін түрлі процестер мен құбылыстардың адам тіршілігіне жұмсалатын заттардың ішінде судың маңызы зор. Мұздарды, батпақтарды қосып есептегенде, жер бетінің 77,5% - ын су алып жатыр. Су қорларына – мұхиттар, теңіз, өзен, көл, жер асты сулары, мұздықтар, атмосферадағы ылғал кіреді. Су адамдар мен жануарлардың организміне еніп, онда болатын зат және энергия айналымына тікелей қатысады. Көптеген процестер тек сулы ортада ғана жүре алады. Белок суда пайда болған және осы ортада дами алады, ал белок тірі клетканың негізі болып табылады. Жер бетіндегі биологиялық өнімдердің 43% - ын, ал оттегінің 50% - дан көбін мұхиттар мен теңіздер береді.

Табиғаттағы су айналымы — жер шарындағы судың күн қуаты мен салмақ күшінің әсерінен үздіксіз тұйық айналу процесі. Су жер шарындағы мұхиттар мен құрлықтардың бетінен буланады, су булары ауа ағындары мен жоғары көтеріледі де, қоюланып тамшыға айналады және атмосфералық жауын-шашын түрінде мұхитқа немесе құрлыққа қайта оралады, ал құрлықтан мұның біразы өзендер арқылы мұхиттарға қайтадан ағып барады (судың үлкен тұйық айналымы). Бұдан басқа жергілікті немесе құрлық ішіндегі су айналымы болады.

Жер бетіндегі су тұщы және ащы болып бөлінеді. Ащы су - бұл теңіз, мұхит сулары, ал тұщы су - өзен, көл, жер асты сулары. Жердегі әрбір 100 литр судың 98 литрі тұзды су. 2 литрі тұщы су.

Судың 3 күйі бар

1. сұйық
2. қатты
3. бу





Күн сәулесі қызуынан мұхит, теңіз, көл, өзен суы буланып, ауа қабатына барады. Топырақтан, өсімдіктерден, жануарлардан буланған су буы ауа қабатына көтеріледі. Көзге көрінбейтін су буы ауаның салқын қабатына көтерілгенде қоюланып, бұлт түзеді.

Бұлт ауаның ағысымен, қозғалысқа түседі.

Ол жауын-шашынға айналып, құрлыққа қайтып оралады. Бірақ ұзақ тұрақтамай Күн қызғанда қайтадан буланып ауаға көтеріледі. Жауын - шашынның бір бөлігі топыраққа сіңеді. Онда өсімдік қорегіне айналып, құрлықты жасыл жамылғысына орайды. Жайқалып шөптер, бұйраланып бұталар, бой түзеп ағаштар өседі

Табиғаттағы су айналымы

